



Атырау, 12 қазан 2017 ж.

«АҚЫЛДАРДЫ ТОҒЫСТЫРЫП, БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУ»

КАСПИЙ МАҢЫ ЕЛДЕРІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТТЕРІ АССОЦИАЦИЯСЫ XX МЕРЕЙЛІ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ КОНЦЕПЦИЯСЫ

Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттерінің ассоциациясы XX Мерейлі Бас Ассамблеясының дайындау мен өткізудің осы концепциясы шараның мақсатын, міндеттерін, бағдарламасын және регламентін анықтайды.

Ұйымдастырушы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Мекен-жайы: Қазақстан 060011 Атырау қ-сы, Студенттер даңғылы, 212.
www.asu.edu.kz

Мәртебесі және қатысушылары

Халықаралық деңгейдегі шара. Шараға қатысуға Каспий маңы аймағының көшбасшы жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу орталықтарынан тұратын Ассоциацияның барлық 55 мүшесінің басшылары шақырылады.

Делегация Ассоциацияның әрбір мүшесінен: бірінші басшы және ғылыми және/немесе халықаралық ынтымақтастық департаменті директорынан тұрады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі және Атырау облысы әкімінің қатысуы және салтанатты ашуы күтіледі.

Қатысушылардың болжамдалған саны – 100-ден астам.

Ресми құжаттар

- Ассамблея концепциясы
- Ассамблея бағдарламасы
- Ассамблея хаттамасы және ұсыныстары

Қосымша материалдар

- Ассоциация мүшелерінің алдыңғы қатарлы жобаларының каталогы
- Ассоциацияның тарихи альбомы

Өткізу тілдері

Ағылшын, парсы, орыс

Өтетін күні

11-13 қазан 2017 ж.

Ақпараттық қамтамасыз етілуі

- БАҚ ақпаратты жариялау
- Университеттің ресми сайтына ақпаратты салу
- Электронды пошталарына ақпаратты атаулы жіберу.



Атырау, 12 қазан 2017 ж.

Мәнмәтін

Екі онжылдық бойынша Каспий маңы елдерінің мемлекеттік университеттері ассоциациясы ежелгі Каспий жоғалмайтын құндылықтар және жалпы өмірлік кеңістіктің ажыратып алғысыз бөлігі болып табылатындар үшін ақыл-ойды тоғыстырып, жүректерді жақындатады.

Каспий теңізі мәселелерін шешу және Каспий маңы аймағында біртұтас білім беру кеңістігін құру бойынша күштерді біріктіру мақсатында 1996 жылы құрылған Ассоциация бүгінде аймақтық білім беру және ғылыми қоғамдастықтың өзара іс-әрекет етуі үшін бірегей пікірлесу алаңы ретінде өз миссиясын сәтті іске асыруда. Ассоциация мүшелері-университеттер жалпы көзқарастар жасақтап, белгілі бір дәстүрлер қалыптастыра алғаны үлкен жетістік. Жылдан жылға Ассоциацияның зияткерлік ресурстары және шаралары институтаралық байланыстардың орнауына және Каспий экологиясына қатысты мәселелердің өзектендірілуіне жәрдемдесуіне бағытталған болатын.

Соның арасында, өткен жылдардың нәтижелері мен жетістіктерін атап өте отырып, XX Мерейлі Бас Ассамблеясы Ассоциация тарихында жаңа кезеңді атауға бағытталады. Университеттер арасында байланыстарды нығайта отырып, жаңа кезеңдегі оның қызметі Ассоциация мүшелері арасындағы ынтымақтастықты іске асыруға мүдделер аясын кеңейтуді және инновациялық көзқарастарды енгізуді мақсат етіледі.

Осындай мәнмәтінде, Ассоциация мүшесі болып табылатын және оның шараларына 1996 жылдан бері белсенді қатысып жүрген Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті 2017 жылғы XX Мерейлі Бас Ассамблеясын **«Ақылдарды тоғыстырып, байланыстарды нығайту»** атауымен ұйымдастырады.

Негізгі шаралар

Ассамблея шеңберінде бірқатар шаралардың өткізілуі жоспарлануда, соның ішінде Пленарлық мәжіліс, «Жоғары білім беру саласындағы жобалық менеджмент» тақырыбына ректорлар Саммиті, Иран мәдениеті мен тілі орталығының ашылуы, Ассоциация мүшелері-университеттердің халықаралық және ғылыми ынтымақтастық менеджерлері үшін воркшоп, сондай-ақ CAPSCORE – Ассоциациясының ғылыми ынтымақтастығы және зерттеулері Каспий порталы жобасын презентациялаудан тұрады.

Пленарлық мәжіліс

Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері XX Мерейлі Бас Ассамблеясының пленарлық мәжілісі Атырау қаласындағы Салтанат сарайында 2017 жылдың 12 қазанында болады.

Пленарлық мәжілістің мақсаты Ассоциация қызметінің нәтижелерін талқылау және ынтымақтастықтың белгілі бір бағыттарын анықтау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі және Атырау облысы әкімінің қатысуы және салтанатты ашу баяндамасы күтілуде. Ассоциацияның атқарушы директоры және қабылдаушы университет ректорының сөз сөйлеуімен қатар құттықтау жолдауларымен ЖОО-ның басшылары – әрбір елдің бір өкілі сөз сөйлейді.



Атырау, 12 қазан 2017 ж.

Пленарлық мәжілістің қорытындылаушы бөлімінде Ассоциация төрағасы мәртебесін басқаға беру рәсімі, жаңа төрағаның сөз сөйлеуі, Ассоциацияға мүшелік туралы институттық сертификаттарын табыстау, Ассамблеяның мерейлік төсбелгілерін табыстау және топпен суретке түсу болады.

Жұмыс тілдері: орыс және парсы. Синхронды аудармамен қамтамасыз етіледі.

«Жоғары білім беру саласындағы жобалық менеджмент» РЕКТОРЛАР САММИТИ

Қазіргі әлемде жобалық менеджмент мемлекеттік және корпоративтік секторларды кірістіре отырып, экономиканың әр түрлі секторларындағы жаңа басқарушылық кешен ретінде ғана емес, сонымен бірге, жаңа өнімдер мен қызмет көрсетілімдерін құру үдерістерін тиімді басқару, стратегиялық міндеттерді іске асыру және ұйымдардағы сапалық өзгерістерді жүзеге асырудың тиімді құралы ретінде де қалыптасты. ЖОО-да жобалық менеджментті қолдану жоғары буын басшылары тәжірибесінде белсенді пайдаланылатын жоғары білім саласындағы салыстырмалы алғанда жаңа көзқарас болып табылады.

Осы мәнмәтінде, Каспий маңы елдері мемлекеттік университеттері Ассоциациясының XX Мерейлі Бас Ассамблеясы шеңберінде өтетін «Жоғары білімдегі жобалық менеджмент» тақырындағы ректорлар Саммиті жоо-н басқарудағы жобалық менеджмент мәселелері бойынша ақпараттармен және тәжірибемен алмасуды ұйымдастыру үшін нәтижелі пікірталастық алаң болуға, Ассоциация мүшелері-университеттердің ең күшті тәжірибелерін көрнекілеп таныстыруға және бұдан әрі бірлеске жобалардың іске асуына ықпал етуге арналған.

Саммиттің жұмысы уақытында университеттердің бірінші басшылары PowerPoint пішімінде бір жобаны көрнекілеп таныстыру арқылы өз ұйымдарында жобалық менеджментті қолданудың ең күшті тәжірибесі туралы өз тәжірибесімен бөлісетін болады. Бұл ғылым мен инновациялар, білім мен халықаралық ынтымақтастық, инфрақұрылым және адами ресурстарды дамыту салаларындағы жобалар болуы мүмкін.

Баяндамалардың мақсаты университеттің стратегиялық дамуындағы жобалық менеджменттің рөлі мен орнын көрсету және нақты жоба мысалында ЖОО басқару үдерісінде қағидаларды қолданудың жеке тәжірибесімен бөлісу, Ассоциация шеңберінде одан әрі іске асыру үшін жалпы мүдделер және әлеуетті бірлескен жобаларды анықтау.

Ассоциация мүшесі – әрбір университет **2017 жылдың 25 қыркүйегіне дейін** Саммит жұмысы басталуына арнайы баспада жарияланатын **екі ең сәтті жобасының** материалдарын ұсынуы тиіс.

Жобаларды беруге өтінім әрбір жоба бойынша келесі ақпаратпен мазмұнда болуы тиіс:

- Жобаның атауы
- Жобаның іске асырылатын орны
- Жобаның іске асырылу кезеңі
- Жоба басшысы
- Жоба мақсаты
- Жоба нәтижелерінің қысқаша сипаттамасы (100 сөзден аспайтындай)
- Бюджет және қаржыландыру көзі (ақпарат конфиденциалды болмаған жағдайда)
- Жобаны іске асыру бойынша серіктер



Атырау, 12 қазан 2017 ж.

- Жобаның 2 суреті

Саммитте баяндамашы көрнекілеп таныстыратын екі жобаның таңдалатын біреуін көрсетуді өтінеміз. Материалдарды assembly20@asu.edu.kz жолдаңыз.

Жұмыс тілдері: орыс және парсы. Синхронды аудармамен қамтамасыз етіледі.

Ассоциация университеттерінің халықаралық және ғылыми ынтымақтастығының МЕНЕДЖЕРЛЕРІ ҮШІН ВОРКШОП

Жаһанданудың қазіргі замандағы мәнмәнінде халықаралық келісімдер университеттер қызметінің маңызды тұсына айналды. Халықаралық байланыстарды орнату мен нығайту қажеттігі өспелі өзара тәуелділікке ғана емес, сонымен бірге ЖОО бәсекегеқабылеттілігін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктерді іздестірумен себептелінеді. Соның арасында, университеттердегі халықаралық ынтымақтастықты іске асыратын кәсіби мамандар өз жұмысында бірқатар қиыншылықтарға ұшырасады, олардың арасында тілдік кедергілер, өзге мәдениетті немесе дінді, құндылықтар мен мінез-құлық нормалары арасындағы айырмашылықтарды, халықаралық іскерлік қатынастардың хаттамасы мен әдебін білмеуді атап көрсетуге болады.

Соған байланысты, Ассоциация университеттерінің халықаралық және ғылыми ынтымақтастық менеджерлері үшін Воркшоп халықаралық академиялық алмасу және ғылыми жобаларды іске асырудағы байланыс мәселелерін талқылау, олардың шешімін іздестіру, тиімді мәдениетаралық байланыс үшін жаңа білім алу және дағдыны дамыту, сондай-ақ CAPSCORE ғылыми порталының бірлескен жобасын іске қосу болып табылады.

Воркшоп екі модульден тұрады:

1. Мәдениетаралық байланыс және елдік ерекшеліктер. Воркшоптың бірінші модулінде өз еліндегі іскерлік қарым-қатынас мәдениеті ерекшеліктерімен танысу және халықаралық ынтымақтастықты іске асыру мақсатында университеттер өкілдерінің (Ассоциация мүшесі – әр елден біреу) көрнекі таныстырылымы ұсынылады. Қатысушылар байланысты қиындататын және әр түрлі мәдениет өкілдері арасындағы ауызша және жазбаша тұрпаттарда ақпаратпен алмасуды кеңейтуге ықпал ететін факторларды анықтайды. Осы модульдің нәтижелері бойынша Ассоциация шеңберінде өзара іск-әрекет етуге жалпы ережелер дайындалады, академиялық алмасуларды іске асыру, виза алу рәсімдері және басқа да ұйымдастыру мәселелері көрсетілетін болады.

2. CAPSCORE ғылыми порталы: идея және іске асыру. Екінші модульде CAPSCORE (Caspian Portal of Scientific Collaboration and Research) – Ғылыми ынтымақтастық пен зерттеулердің Каспий Порталы ғылыми порталының жобасы (демонұсқасы) таныстыруға ұсынылады. Воркшоп қатысушылары талқылап, оны жақсарту бойынша құрылғылаушылық ұсыныстар енгізе алады. Екінші модуль нәтижелері бойынша ғылыми порталды жетілдіру, соңғы нұсқасын бекіту, жұмыс істеу тәртібін және одан әрі әкімшіліктендіру ережелерін анықтау

Жұмыс тілдері: орыс және ағылшын. Синхронды аударма ұсынылатын болады.

Шараның өткізілу тәртібі

Ассамблея бағдарламасы қатысушылардан мерзімінде келген өтінімдер мен ұсыныстар негізінде қалыптасады және бекітіледі.

Пленарлық мәжіліс регламенті: баяндама - 10 минутқа дейін.

Саммита регламенті: баяндама - 10 минутқа дейін.

Воркшоп регламенті: таныстырылымдар (презентациялар) – 10 минутқа дейін.



Атырау, 12 қазан 2017 ж.

Қорытындылаушы құжаттар

Ассамблея шеңберіндегі жұмыстың нәтижелері бойынша келесі құжаттар дайындалады:

- XX Мерейлі Бас Ассамблеяның қысқаша түйіндемесі (резолюциясы);
- Пленарлық мәжіліс қорытындылары бойынша ұсыныстар;
- Ректорлар Саммиті жұмысының қорытындылары бойынша ұсыныстар мен шешімдер;
- Ассоциацияның ғылыми порталының Ережесі.

Байланыс үшін

Жалпы үйлестіру:

Шилибекова Айгерим Сенбековна, PhD

Бірінші проректор – Стратегиялық жоспарлау және халықаралық байланыстар бойынша проректор

E-mail: a.shilibekova@asu.edu.kz

Tel.: +7 (7122) 276308

Ректорлар Саммитіне және жобалар каталогына өтінімдерді беру мәселелері бойынша

Туякова Динара Абаевна, PhD

Стратегиялық даму департаменті директоры

E-mail: d.tuyakova@asu.edu.kz, assembly20@asu.edu.kz

Tel.: +77015368608

Менеджерлер үшін Воркшоп және CAPSCORE ғылыми мәселелері бойынша

Мусаева Айман Амангельдиевна, э.ғ.к.

Ғылым департаменті директоры

E-mail: a.musayeva@asu.edu.kz, assembly20@asu.edu.kz

Tel.: +77028023552

Ассамблея бағдарламасы және үлестірме материалдар мәселелері бойынша

Тагайбекова Нургуль Пернебековна, PhD

HR дамыту департаменті директоры

E-mail: n.tagaybekova@asu.edu.kz, assembly20@asu.edu.kz

Tel.: +77025879187

Қонақтарды орналастыру және күту мәселелері бойынша

Жанибекова Инкар Жанибековна, МА

Халықаралық ынтымақтастық департаменті директоры

E-mail: i.zhanibekova@asu.edu.kz, international_office@asu.edu.kz

Tel.: +77783777992, +7 (7122) 492127